

«Қамқоршылық кеңес» отырысының хаттамасы
ХАТТАМА №4

Өтілген күні: 10.05.2022 жыл

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының жазғы демалыстарын ұйымдастыруға көмек көрсету
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысын талдау


Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ташимова сөз алды: Оқушылардың жаз мезгіліндегі жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру бойынша мектепте жоспар құрылды. Биылғы оқу жылында 1-4 сыныптарға және 5-6 сыныптарға арналған мектеп жанындағы «Алау» демалыс лагері ашылады. Лагерь І кезеңде жұмыс жасайтын болады. 1-17.06 күндері аралығында болады. Аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары Атамекен, Мирас т.б. қала сыртындағы лагерлерге қатыстыру ұйымдастырылады

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Н.Жолдаскалиев: 2021-2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің есебін талдады. Қамқоршылық кеңесі жыл басында құрылып, іс-шара жоспары жасалып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қамқоршылық кеңесі құрамы бекітілген. Жоспар бойынша қамқоршылық кеңесінің 3 отырысы өткізіліп, күн тәртібіндегі жұмыстар талқыланып отырылды. Аз қамтылған, көп балалы, қамқоршылықтағы оқушыларға қамқоршылық кеңес мүшелері барынша көмек көрсетті. Қамқоршылық кеңесі мектептің жыл бойы қоғамдық жұмыстарына ат салысып, мерекелерік шараларға қатысып, белсенділік танытты. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысын «қанағаттанарлық» деп бағалаймын.

Шешім:

1. Оқушылардың жазғы мезгілінде жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру қабылданып, жұмыстар жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңесі жұмысы «жақсы» деп бағаланып, жұмыстар жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Н.Жолдаскалиев

Хатшы:  Г.Ташимова